

«Бекітемін»

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу

университетінің ЕМЕС АҚИОН» ЖЕАҚ

Басқарма Төрағасы-Ректоры

Е.О. Дулатбеков

2026 ж.



«M072 Менеджмент» білім беру бағдарламалар тобына үміткерлерді қабылдау бағдарламасы (EMBA (экзекютив ЭмБиЭй))

1. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

«M072 Менеджмент» (әрі қарай EMBA (экзекютив ЭмБиЭй)) қос дипломды инновациялық беру бағдарламалар тобы «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті».

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті жүзеге асыратын EMBA бағдарламасының назары бизнес-процестерді тиімді басқару, көшбасшылық және шешім қабылдау саласында қажетті білім мен дағдыларды қарқынды меңгеру арқылы жоғары білікті басшыларды, топ-менеджерлерді, кәсіпкерлерді және олардың командаларын дайындауға бағытталған.

EMBA бағдарламасы – бизнес саласында заманауи білімі мен дағдылары бар, процестерді және адам ресурстарын басқара алатын, компанияның стратегиясын қалыптастыра алатын, стратегиялық және операциялық мақсаттарды анықтай алатын және оларға ғылыми құралдарды қолдана отырып қол жеткізе алатын басқару кадрларын даярлау бағдарламасы.

Білім беру бағдарламасы 1 оқу жылына арналған және 6 модульді қамтиды. Бағдарламада нақты іскерлік жағдайларды талдау, тиімді басқару шешімдерін табу және қабылдау, жобалық жұмыс дағдыларын дамытатын практикалық бағыт пен жобалық тәсілге баса назар аударылады.

Оқуды аяқтаған соң EMBA түлектеріне академик Е.А. Бөкетов Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің дипломдары және «Іскерлік басқару магистрі» академиялық дәрежесі беріледі.

EMBA-да оқу ақылы түрде жүзеге асырылады.

2. ТҮСУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

EMBA оқуға түсу үшін үміткерлер:

1. жоғары білімі болуы;
2. жұмыс өтілінің 3 жылдан кем болмауы міндетті.

EMBA оқуға түсу үшін үміткерлер сұхбаттасу өтуі керек.

Сұхбаттасу ауызша оффлайн немесе онлайн режиме өткізіледі. Сұхбаттасуға берілетін уақыт 20 минуттан аспауы керек. Сұхбаттасу өткізу мерзімі ағымдағы жылдың 20 тамызы мен 25 тамызы аралығында.

3. СҰХБАТТАСУ МАЗМҰНЫ

Сұхбаттасудың мақсаты – жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында белгіленген кәсіптік міндеттерді орындауға үміткерлердің негізгі дайындығын анықтау, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және басқару қызметіне неғұрлым қабілетті және дайындалғандарды іріктеу.

Әңгімелесу тапсырмалары:

- үміткерлердің ақпаратты іздеу, таңдау, синтездеу және нақтылау қабілеті мен дайындығын бағалау;

- үміткерлердің стратегиялық мақсаттарды қоюға дайындығын бағалау және оларға қол жеткізу жолдарын анықтау;

- үміткерлердің білім беру бағдарламасы бойынша оқуға мотивациялық дайындығын анықтау

Сұхбаттасу сұрақтарының үлгі тізімінің мазмұны:

1. Таңдалған университет және бағдарлама туралы сұрақтар
1. Неліктен біздің университетті таңдадыңыз?
2. Неліктен бұл білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
3. Сіздің академиялық және мансаптық мақсаттарыңыз қандай?
4. Біздің университет пен білім беру бағдарламасы осы мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі?
2. Өзіңіз туралы берген ақпаратқа қатысты сұрақтар
1. Бұрын қайда оқыдыңыз?
2. Бұл оқу орындарында сізге не берді?
3. Неліктен бұрын оқыған университетте оқуыңызды жалғастырмадыңыз келмеді?
4. Жұмыс тәжірибеңіз бар ма?
5. Сыныптан тыс уақытта мақтан тұтатын жетістіктеріңіз бар ма?
3. Жеке қасиеттер туралы сұрақтар
1. Сіздің күшті жақтарыңыз қандай?
2. Сіздің әлсіз жақтарыңыз қандай ?
3. Талдау білесіз бе? Сіздің талдау және синтез жүйесі қандай принциптерге негізделген?
4. Осы уақытқа дейін өмірдегі ең үлкен жетістігіңіз не деп ойлайсыз?
5. Мақсатыңызға қалай жеткеніңізді айтыңыз?
6. Біздің университет сіздің қызығушылықтарыңыз бен хоббилеріңізді дамытуға көмектесе алады ма?
4. Мансаптық мақсаттар мен болашаққа арналған жоспарлар туралы сұрақтар
1. 10 жылдан кейін өзіңізді қай жерде көресіз??
2. Болашақта кім болып жұмыс істегіңіз келеді?
3. Неліктен осы мамандықты таңдадыңыз?

4. Сіз таңдаған бағытта мансабыңызды қалай дамытқыңыз келеді?
5. Қандай ғылыми мәселемен айналысқыңыз келеді? Қандай әдістерді қолдануды жоспарлап отырсыз?

Сұхбаттасу нәтижелері бойынша үміткер білім беру бағдарламасына түсуге **ұсынылады/ұсынылмайды.**

Сұхбаттасу нәтижелері апелляцияға жатпайды..

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



А.Р.Барикова